«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

25.04.2018ое № 02-09/1057

«ШЕБЕР» ЖШС
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Юрия Гагарина 32

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 16.04.2018 жылғы №11155 санды (веб-порталмен келіп түскен) арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының» ММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жарияланған №2274453-2 санды «Ақтау қаласы ботаникалық бақ аумағында 110/10 кВ БТҚ құрылысына» ЖСҚ жасақтау» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен өз дәлелін тапқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 1-тармағында осы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" №370-II Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды делінген.

Заның 25-бабы 2-тармағында **әлеуетті өнім беруші** конкурсқа қатысуға өтінімді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға **мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында** конкурстық құжаттамада көрсетілген, өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін **береді** делінген.

Осыған сәйкес, Заңның 2-бабы 2-тармағында **әлеуетті өнім беруші** – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

Сондай ақ, Қағиданың 3-тармағы 9-тармақшасында **электрондық құжат** – өзіндегі ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және **электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған** құжат екені анық жазылған.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" №370-II Заңының 7-бабы 1-тармағында қол қоюға өкілеттігі бар адамның **электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей** делінген.

Осылайша, «Энергия» Қазақстандық отын-энергетика жүйелерін ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру институты» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурсқа қатысуға ұсынылған конкурстық өтінімдері мемлекеттік сатып алу веб-порталымен **электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландыра отырып электрондық құжат нысанында** берілгені анықталды. Оның ішінде конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасына сәйкес қосалқы мердігерлер туралы мәлімет және т.б.

Бұдан басқа, Заңның 3-бабы 1-тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан**, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен **тұрады** делінген.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының 27.12.1999 жылғы №268-XIII Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі –Кодекс) 390-бабы 4-тармағында алдын ала жасалатын шартта тараптар негізгі шартты жасасуға міндеттенетін мерзім көрсетіледі. Егер алдын **ала жасалатын шартта мұндай мерзім белгіленбесе**, олар көздеген **шарт алдын ала жасалған кезден бастап бір жыл ішінде жасалуға тиіс** делінген.

Осыған байланысты, Департамент Қоғам мен «ЮЖКАЗЭКОПРОЕКТ» ЖШС арасында жасақталған 23.02.2018 жылғы №375 санды ниеттер туралы шартта (договор о намерений) негізгі шартты жасасу мерзімнің көрсетілмеуі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу заңына және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне қайшы келмейді деп санайды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92